

Орал қ. «ҚазАвтоКөлік» АҚ филиалының қорына тарихи анықтама

Кәсіпорын 1956 жылғы 29 маусымда «Сельхозтранс» тресінің №3 автобазасы ретінде құрылды және Газ – 51 маркалы 70 автомобильге есептелген.

1972 жылғы маусымда №2592 Автотізбек болып өзгертілді. 1972 жылдан бастап 1995 жыл аралығындағы кезеңде автотізбек САВО ауыспалы туын тапсырумен бір рет орта азиялық әскери округтің автотізбектері арасында бірінші орынды иеленді. Бірнеше рет облыстық және республикалық жарыстардың нәтижелері бойынша бірінші орындарды иеленді.

Автомобиль көлігі Министрінің №375-Т Бұйрығымен Орал өндірістік автотресінің №2592 автотізбегі Орал өндірістік автобасқармасының №2592 Орал Автотізбегі болып өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1996 жылғы 7 тамыздағы №181 Бұйрығымен Орал өндірістік автобасқармасының №2592 Орал автотізбегі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорнының еншілес мемлекеттік автокөліктік кәсіпорыны «Орал автотізбегі – 3056» болып қайта өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 қыркүйектегі №965 қаулысы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорны мен оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындары «ҚазАвтоКөлік» акционерлік қоғамы етіп, қайта құру жолымен, оның жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен қайта ұйымдастырылды. Осы қаулыға сәйкес еншілес мемлекеттік автокөліктік кәсіпорыны «Орал автотізбегі – 3056» Орал қ. «ҚазАвтоТранс» АҚ филиалы болып өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 сәуірдегі «ҚазАвтоТранс» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» №339 қаулысымен «ҚазАвтоТранс» акционерлік қоғамы таратылды, сәйкесінше, Орал қ. «ҚазАвтоТранс» филиалы таратылуға тиіс.

Орал қ. «ҚазАвтоТранс» АҚ филиалы (бұдан әрі – филиал) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері, «ҚазАвтоТранс» ААҚ жарғысы және филиал туралы ереже негізінде, бұйрықтар, нұсқаулар, нұсқаулықтар, акционерлер жиналыстарының, басқарма директорлары кеңесінің шешімдерімен әрекет етті.

Филиал заңды тұлға болып есептелмеді. Өзіне филиал туралы ережемен берілген құқықтар шегінде қызметін жүзеге асырды, «ҚазАвтоТранс» АҚ ЖАҚ жиынтық (шоғырландырма) теңгеріміне енгізілетін жеке (дербес емес) теңгерімі болды.

Филиал өзінің шаруашылық қызметін ішкі шаруашылық есеп негізінде жүзеге асырды, акционерлік қоғамның жиынтық теңгеріміне енгізілетін теңгерім құрды, дөңгелек мөрі болды, қоғамның сенімхаты бойынша әрекет етті.

Филиал қызметінің мақсаты табыс алу, шаруашылық жүргізудің тиімділігін арттыру болып табылды.

Филиал өндірістік-шаруашылық қызметті келесі түрлері бойынша жүзеге асырды:

жүк автотасымалдарды орындау;

басқа кәсіпорындар және жеке тұлғаларға автокөліктің жылжымалы құрамына техникалық көрсетуді орындау және жөндеу;

жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалдау;

басқа да коммуналдық, әлеуметтік және жеке қызметтер;

ҚР заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыру.

Филиалды акционерлік қоғамның бас директоры қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын директор басқарды.

1956 жылдан бастап 2003 жыл аралығында кәсіпорын қызметінің негізгі түрі жүк автотасымалдаулары болды. Сонымен қатар, автотізбек басқа ұйымдар мен жеке тұлғалардың автомобильдерінің ақылы тұрағынан және жүк автомобильдерін жөндеуден табыс көрді. Автотізбек аумағында автотізбектің жылжымалы құрамы үшін ашық автомобиль тұрағы, автомобильдерді және тіркемелерді жөндеуге және техникалық қызмет көрсету үшін 31 машина-орынға арналған өндірістік база, автомобильдер жуғышы болды.

Автотізбектің жарғылық қоры 2001 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 26063 мың теңгені құрады. Негізгі қорлардың теңгерімдік құны 54232 мың теңге. Негізгі қорлардың қалдықтық құны 12007 мың теңге. 2001 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 85 автомобиль, 67 тіркеме болды. Жыл бойы орта есеппен олардан 38 автомобиль және 12 тіркеме жұмыс жасады. Жыл соңында жұмысшылардың саны 132 адамды құрады, олардың ішінен 21 адам әкімшілік-басқару аппаратынан.

Автотізбек 3056 бойынша 2000 жылғы табыс 41114 мың теңге құрады, 1999 жылғыға қарағанда 5004 мың теңгеге төмен. Қаржы көрсеткіші 1999 жылмен салыстырғанда жақсарды: 1999 жылы – 1587 мың теңге, 2000 жылы - +323 мың теңге.

2000 жылдың нәтижелері бойынша автотізбек 3056 323 мың теңге пайда көрді, соның ішінде тасымалдардан 5834 мың теңге. Пайдалылықты одан әрі арттыруды автотізбек тасымалдар көлемін көбейту және тасымалдардың өзіндік құнын төмендету есебінен белгіледі.

Бір жұмыскерге шаққанда өнімділік теңгемен бір жыл ішінде 513925 теңге құрады және 1999 жылмен салыстырғанда 1,4 % өсті. Еңбекақы төлеу

қоры 9971,1 мың теңге құрады. Бір жұмыскердің орташа айлық еңбекақысы 10387 теңге құрады.

2007 жылы Филиал жүк айналымы 14356,4 мың теңге 182,5 мың тонна жүк тасымалдады. Парктің тасымалдау қабілеттілігі төмендеді, себебі, жалпы жүк көтергіштік жоспар 715 тонна бола тұра, орта есеппен бір жылда 681,9 тонна құрады. Жыл бойы пайдаланылмалы автомобильдердің саны жыл басында 74 бірліктен жыл соңында 58 бірлікке азайды. Жүкпен жүріс 869,3 мың тонна құрады.

2007 жылы «АвтоТехМас», «Альтаир», «Атыраунефтегазмаркет», «Батыс Самал», ДМСУ-27, «Уральскдорстрой», «Жайықкарьер», «Жайықмунай», «Казармапром», «Казстройсервис» және басқа да жауапкершілігі шектеулі серіктестер негізгі тапсырыс берушілер болып табылды.

Филиалдың автокөлігі кесімді және мерзімдік тарифтер бойынша жұмыс жасады. Алынған табыстың жалпы көлемінен 113642 мың теңге кесімді тасымалдаулар және 17709 мың теңге мерзімдік тасымалдаулар бойынша алынды. 1ткм тарифі 8 теңге, 1 ақылы сағаттікі 1610 теңге құрады.

Арнаулы техникамен отработано 492 автомобиль-күн және 3720 сағат өтелінді.

Паркті пайдалану коэффициенті 0,661 құрады, нарядта болудың орташа ұзақтығы 7,6 сағат. Тапсырма 3500 теңге/сағ бола тұра, 1 сағаттың тарифіне 3641 теңге/сағ мөлшерінде қол жеткізілді. Қызметтер көрсетуге арналған шарттарды жасасқан кезде шарттық кесімді тарифтер қолданылады.

31.12.2007 ж. жұмысшылардың саны 105 адам, 2007 ж. орташа тізімдік саны 116 адам, еңбекақы есептеу үшін нақты саны 93 адам құрады. Жұмыскерлердің санаттары бойынша еңбекақы төлеудің жоспарлы қорын орындау келесідей:

Жұмыскерлердің санаттары	Саны (адам)		Еңбекақы төлеу қоры (мың теңге)		Орташа айлық еңбекақысы (теңге)	
	2006 ж.	2007 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2006 ж.	2007 ж.
ӘБҚ	11	13	8781	9291	66523	59558
Жүргізушілер	42	42	15258	17964	30274	35643
Жөндеу жұмысшылары	25	22	8547	8135	28490	30814
Көмекші жұмысшылар	16	16	3958	4389	20615	22859
Барлығы	94	93	36544	39779	32397	35644

Орал қ. «ҚазАвтоТранс» АҚ филиалы 9 айда 2009 ж. жүк айналымы 4314,7 мың ткм 76,0 мың тонна жүк тасымалданды. Жоспарды орындау сәйкесінше 71,7 % және 47,9 % құрады. Тасымалдардың көлемін 2008 ж. 32,8 мың тонна және 4857,7 мың тонна деңгейге дейін азайтуға жол берілді. Пайдаланылмалы автомобильдердің саны 2008 ж. 9 аймен салыстырғанда 19 бірлікке азайды және 1.10.2009 ж. 32 бірлік құрады. Парктің жүк алып жүру

кабілеттілігінің төмендеуі есебінен 35,1 мың тонна және 2962,7 мың ткм шала орындалды. Экономикалық дағдарыс жағдайында жылжымалы құрамның сұранымсыздығы есебінен недовыполнено 22,6 мың тонна және 1907,9 мың ткм шала орындалды. Тасымалдардан табыс 48339 мың теңге немесе 34,6 % жоспарға құрады.

1 ткм тарифі 9,19 теңге/1 ткм құрады. 1 ақылы сағаттың тарифі 2248 теңге/1 сағ құрады.

Еңбекақы төлеу бойынша мәліметтер

Көрсеткіштер	Өлшеу бірлігі	Факт 2008ж.	Жоспар	Есеп беру 2009 ж.	% 2008	% жоспарға
Еңбекақы төлеу қоры	тыс. теңге	31017	32866	22225	71,7	67,6
Саны	адам	75	81	56	74,7	69,1
Орташа еңбекақы	теңге	45951	45084	44097	96,0	97,8
ФОТ шығыс нормативі	%	30,7	23,5	46,0	149,8	195,7

Филиал 2009 жылы 21452 мың теңге сомада шығынға ұшырады, соның ішінде негізгі қызметтен шығын 24017 теңге, негізгі емес қызметтен пайда 2565 теңге сомада.

2010 жылға штаттық кесте

	Атауы	Бірлік	Мөлшерлеме	Айлық еңбекақы, теңге	Барлығы, теңге
1.	Әкімшілік қызметкерлер				
1	Директор	1	1	105000	105000
2	Директордың орынбасары	1	1	80000	80000
3	Бас бухгалтер	1	1	100000	100000
4	Бас инженер	1	1	60000	60000
5	Офис-менеджер	1	1	60000	60000
6	Эксплуатация бойынша	1	1	50000	50000
	Барлығы:	5	5		455000
	Өндірістік қызметкерлер				
1	Жүк автокөлігінің жүргізушісі	40		Кесімді еңбекақы	Кесімді еңбекақы
	Көмекші қызметкерлер				
1	Күзетші	4	4	16000	64000
2	КТП механигі	4	4	20000	80000
3	Қоймашы	1	1	55000	55000
4	Медицина қызметкері	1	0,5	32000	16000
1	Газель жүргізушісі	1	1	25000	25000
	Жөндеу қызметкерлері	11	10,5		240000
	Жөндеу қызметкерлері				
1	Жөндеу шеберханаларының	1	1	60000	60000
2	Агрегаттық цех слесарі	5	5	16000	80000
3	Моторшы-слесарь	1	1	35000	35000

4	Токарь		1	35000	35000
5	Отын аппаратурасын жөндеу бойынша слесарь	1	1	35000	35000
6	Тіркеме цехының слесарі	1	1	16000	16000
7	Шанак слесарі	1	1	16000	16000
8	Электрик-силовик	1	1	16000	16000
9	Газ құрал-жабдығын жөндеу бойынша слесарь	1	1	16000	16000
10	Автоэлектрші	1	1	45000	45000
11	Дәнекерлеуші	1	1	60000	60000
	Барлығы:	15	15		414000
	Филиал бойынша барлығы	72	71,5		1 109 000

Филиалдың құжаттары алғаш рет өңделуде.

Құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын және басқа да мұрағат құжаттарын ведомстволық және жеке мұрағаттардың қабылдауы, сақтауы, есепке алуы мен пайдалануы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылды.

Құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеуден өткізген кезде істер номенклатурасы жасалды және №1 тұрақты сақталатын істердің тізімдемесі, жеке құрам істерінің №1 – л тізімдемесі, жеке карточкалардың 2-л, қорға тарихи анықтама.

Тізімдемелерде құжаттар құрылымдық-функционалдық белгілері бойынша және хронология бойынша істер номенклатурасына сәйкес жүйеленген.

1956 – 2014 жылдар аралығындағы құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу өткізілді.

№1 тұрақты сақталатын істер тізімдемесіне 2004-2013 жылдар аралығындағы құжаттар 71 сақтау бірлігі мөлшерінде енгізілген. Бұлар жылдық бухгалтерлік есеп берулер, жылдық қаржыландыру жоспарлары, штаттық кестелер, статистикалық есеп берулер, негізгі қызмет бойынша бұйрықтар, хабарлама түрлері бойынша автокөліктің және басқа құрлықтағы көліктің жұмысы туралы жылдық есеп берулер.

Жеке құрам бойынша істердің № 1-л тізімдемесіне 1956-2014 жылдар аралығындағы құжаттар 392 сақтау бірлігі мөлшерінде енгізілген. Оған жеке құрам бойынша бұйрықтар, еңбекақы және басқа табыстар, әлеуметтік және зейнетақы аударымдары жөнінде ведомостілер енгізілген. Еңбекақы есептеу бойынша ведомостілерге қосымша индекстер берілген, себебі, ведомостілер кітаптарда жасалған және жұмыскерлер автотізбектер, жасақтар, жұмысшылар, қызметшілер, әліпби бойынша әртүрлі әр кезеңде бөлінген. Бірақ ведомостілердің деректерін өңдеу кезінде белгілі жүйелеуді ұстану қиын болды, сондықтан кейбір жылдары бірнеше кітапта бір индекстік істің қаңтардан бастап желтоқсан аралығындағы кезеңмен еңбекақы есептеу ведомостілері кездеседі, себебі олар баспаханалық кітаптарда болады, оларды

да қалдыруды жөн көрдік. Олар не әліпбилік не құрылымдық сұрыптауға жаипайды.

Жеке карточкалар бойынша №2-л тізімдемеге 1956 жылдан бастап 2013 жыл аралығында жұмысшылардың жеке карточкалары 105 сақтау бірлігі мөлшерінде енгізілген. Осы тізімдемеде 180 беттен астам жұмыскерлердің істері, жеке карточкалары бар. Бұл істер баспаханалық кітаптар түрінде рәсімделген.

Құжаттардың толық еместігі анықталды. 1956-2003 жылдардағы тұрақты сақталатын құжаттар сақталмаған. Жетіспейтін құжаттарға акт жалғанды.

Көрсетілген құжаттар орыс тілінде және мемлекеттік тілде орындалған. Бұған дейінгі жылдардың құжаттары реставрациядан өткізілді.

Құжаттардың физикалық қалпы – қанағаттанарлық.

Анықтаманы жасаған

 А. Лұқпанов